

Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 612 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес жалпы ауданы 145,965 гектар жер учаскесі " Алматы облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы " Жаркент орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесінің орман қоры жерлері санатынан Қорғас өзенінде селден қорғау құрылысын салу үшін өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждықтарына арналған және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Алматы облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесінің Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің " Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) берілуін қамтамасыз етсін.

3. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығынын республикалық бюджет кірісіне өтесін және алынған сүректі көрсетілген мекеменің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 21 тамыздағы
№ 612 қаулысына
қосымша

Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждықтарына арналған жерлер және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы ауданы , гектар	оның ішінде:		
		орман көмкерген	жайылымдар	өзге жерлер
1	2	3	4	5
"Алматы облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы "Жаркент орман шаруашылығы" мемлекеттік мекемесі	145,965	140,145	3,9	1,92
Барлығы:	145,965	140,145	3,9	1,92

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК